

БЕКІТЕМІН

Басқарма төрағасы-Ректор

Д.Р. Орынбеков

2026 ж.



**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ
ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

2025-2026 оқу жылы

Семей, 2026 ж.

Кіріспе

Инклюзия дегеніміз әрбір адамның (денсаулығына, әлеуметтік жағдайына, тіліне, мәдениетіне, мүмкіндігіне қарамастан) білім алу, еңбек ету және қоғам өміріне тең қатысуына жағдай жасау жүйесі.

Университетте инклюзия төмендегі категорияларды қамтиды:

- медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы бар тұлғалар;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар;
- әлеуметтік осал топ өкілдері (ата-ана қамқорлығынан айрылған білім алушылар, қандастар және шетелдік білім алушылар);
- дарынды және жоғары әлеуетті білім алушылар;
- психологиялық және әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылар.

1. Жоспардың мақсаты

Шәкәрім университетінде ерекше білім беру қажеттілігі бар, әлеуметтік осал топқа жататын, дарынды және жасырын қажеттіліктері бар білім алушылар үшін тең әрі қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру, университет инфрақұрылымын, академиялық үдерісті, кадрлық әлеуетті және әлеуметтік-мәдени ортаны ұлттық және халықаралық инклюзивті стандарттарға сәйкестендіру мен білім алушылардың академиялық, тұлғалық және кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталған тұрақты, жүйелі және тең дәрежелі инклюзивті білім беру жүйесін қалыптастыру.

2. Жоспардың міндеттері

1. Университет ғимараттарын, аумағын және оқу кеңістігін біліктілік талаптарына және қолжетімді орта стандарттарына сәйкестендіру ;
2. Академиялық процесті қажеттілігіне байланысты инклюзивті форматта ұйымдастыру;
3. ПОҚ пен қызметкерлердің инклюзивті құзыреттілігін арттыру;
4. Университет қауымдастығына инклюзивті мәдениетті қабылдау философиясын қалыптастыру;
5. Ерекше білім беру қажеттілігі бар, дарынды және жасырын қажеттіліктері бар білім алушыларды ерте диагностикадан өткізу және сүйемелдеу;
6. Қоғамда инклюзия мәдениетін насихаттау мақсатында әлеуметтік және демеушілік жобаларды арттыру;
7. Ғылыми-зерттеу, халықаралық ынтымақтастық және тұрақты қаржыландыру механизмдерін дамыту.

3. Іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Есептік құжаты	Жауаптылар	Мерзімі
I БЛОК – Инфрақұрылымдық қолжетімділік				
1.	Инфрақұрылымға жауапты қызметкерлерді нормативтік талаптар бойынша оқыту	Сертификат	Жауапты: Дарибаев Б.С. Орындаушы: Карибаев М.С., Қасымова Ә.Ә., Рахымбердиева А.В.	13.03.2026 ж. дейін
2.	Университет ғимараттарына кешенді аудит жүргізу	Аудит актісі	Жауапты: Карибаев М.С. Орындаушы: Едигенова Г.Ө., Зекенов Т.Ш., Карасаев Б.Қ.	19.03.2026 ж. дейін
3.	Бейімдеу схемалары мен техникалық негіздеме әзірлеу	Бекітілген жоспар мен атқарылған жұмыстар есебі	Жауапты: Карибаев М.С. Орындаушы: Едигенова Г.Ө., Зекенов Т.Ш., Карасаев Б.Қ.	06.04.2026 ж. дейін
4.	Инфрақұрылымды жабдықтау сметасын дайындау (оқу ғимараттарында арнайы дәрісханалар, сенсорлық демалыс бөлмесі және санитарлық тораптар, жеке навигациялық карта, пандус, автотұрақ)	Смета	Жауапты: Карибаев М.С. Орындаушы: Асаубаева А.С., Едигенова Г.Ө., Зекенов Т.Ш., Карасаев Б.Қ.	24.04.2026 ж. дейін
5.	Жабдықтау мерзімдері бекітілген кезеңдік жоспарды бекіту және жоспарға сәйкес жұмыстарды атқару	Жол картасы	Жауапты: Карибаев М.С. Орындаушы: Асаубаева А.С., Едигенова Г.Ө., Зекенов Т.Ш., Карасаев Б.Қ.	31.12.2026 ж. дейін
II БЛОК – Академиялық бейімдеу				
А) Диагностика, ерте анықтау және даму				
6.	Инклюзивті білім алушыларды қолдау,	Бекітілген	Жауапты: Дарибаев Б.С.	27.03.2026 ж. дейін

	сүйемелдеу, оқу үдерісіне бейімдеу саясаты мен қызмет көрсету тәртібі туралы Ереже әзірлеу	ереже	Орындаушы: Оспанова Д.М., Оспанова А.Т., Игебаева А.С.	
7.	Тьюторлық-психологиялық қолдау қызметін құру (медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы бар тұлғалар, психологиялық қолдауды қажет ететін білім алушылар білім алатын топтарға тьютор, психолог маман бекіту)	Растаушы құжат бұйрықтан көшірме	Жауапты: Касымов А.Б. Орындаушы: Нурмухамбетова М.К., Оспанова Д.М.	20.02.2026 ж. дейін
8.	Инклюзивті білім алушылардың кейбір категорияларына (медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы бар тұлғалар, психологиялық қолдауды қажет ететін білім алушылар) академиялық және психологиялық сүйемелдеу бойынша жеке жоспар әзірлеу	Бекітілген жоспар мен атқарылған жұмыстар есебі	Жауапты: Касымов А.Б. Орындаушы: Нурмухамбетова М.К.,	20.02.2026 ж. дейін
9.	1-2 курс студенттерін оқуға бейімделуі, эмоционалдық күйі, жасырын ерекше қажеттіліктері, дарындылық пен жоғары әлеуетін анықтауға арналған кешенді диагностика жүргізу (әр семестр сайын)	1 семестр бойынша диагностика қорытындысы	Жауапты: Касымов А.Б. Орындаушы: Нурмухамбетова М.К.	13.03.2026 ж. дейін
10.	Студенттер арасында қабылдау мен эмпатияны дамытуға бағытталған тренингтер ұйымдастыру	Бекітілген жоспар мен атқарылған	Жауапты: Касымов А.Б. Орындаушы: Нурмухамбетова М.К.	16.02.2026 ж. дейін

		жұмыстар есебі		
11.	«Inclusive Admission Support» (Ерекше талапкерлерді қабылдау және сүйемелдеу) ережесін әзірлеу. Оның мазмұны құжат тапсырудан бастап, тестілеу, әңгімелесу, қабылдау мен студент қатарына қосуға дейінгі кезеңді қамтиды.	Бекітілген ереже	Жауапты: Касымов А.Б. Орындаушы: Тұрысбеков М.Б.	17.04.2026 ж. дейін
12.	1-курс білім алушыларына инклюзивті қажеттілікті анықтау сауалнамасын әзірлеу және ұйымдастыру	Сауалнама қорытындысы	Жауапты: Касымов А.Б. Орындаушы: Абдикакимов М.Т.	27.03.2026 ж. дейін
13.	Инклюзивті түлектерге арналған «Career Support» бағдарламасын әзірлеу (білім алушыны оқудан еңбек нарығына дейін жетелейтін кәсіби қолдау жүйесі)	Бекітілген бағдарлама	Жауапты: Дарибаев Б.С. Орындаушы: Тлеубаева А.Б.	02.03.2026 ж. дейін
14.	Халықаралық benchmarking жүргізу арқылы ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға арналған бейімделген білім беру бағдарламаларының үлгілік нұсқаларын әзірлеу	ББ үлгілік нұсқасы	Жауапты: Дарибаев Б.С. Орындаушы: Оспанова Д.М. Қасымова Ә.Ә., Кафедра меңгерушілері	03.04.2026 ж. дейін
Б) ПОҚ пен қызметкерлердің кәсіби дамуы				
15.	Университеттің ПОҚ пен қызметкерлеріне инклюзивті құзіреттілік, инклюзивті мәдениет, инклюзивті білім беру және қолжетімді орта стандарттары бойынша кешенді біліктілік арттыру курстары мен	Растау құжаты сертификат	Жауапты: Дарибаев Б.С. Орындаушы: Рахымбердиева А.В., Оспанова Д.М.	31.12.2026 ж. дейін

	бағдарламаларын ұйымдастыру және сертификаттау			
16.	Инклюзивті білім беру бойынша ішкі тренерлер пулын қалыптастыру	Бекітілген тізім	Жауапты: Дарибаев Б.С. Орындаушы: Нурмухамбетова М.К., Оспанова Б.Қ.	20.02.2026 ж. дейін
17.	ПОҚ-тың инклюзивті құзыреттілігін бағалау және дамыту картасы	Бекітілген карта	Жауапты: Қасымова Ә.Ә.	27.02.2026 ж. дейін
18.	ПОҚ пен қызметкерлерге арналған ай сайынғы инклюзивті оқыту әдістемесі бойынша семинарлар мен peer-to-peer тәжірибе алмасу сессияларын ұйымдастыру	Бекітілген жоспар мен атқарылған жұмыстар есебі	Жауапты: Дарибаев Б.С. Орындаушы: Қасымова Ә.Ә., Оспанова Б.Қ., Рахымбердиева А.В.	27.02.2026 ж. дейін
19.	Инклюзивті білім алушыларға арналған кітапхана қорын және қызмет көрсету жүйесін бейімдеу және жаңарту (бейімделген оқу-әдістемелік ресурстар, электронды және аудио форматтағы материалдар, цифрлық қолжетімділік, assistive technologies).	Кітапхана қорының аудит актісі және инклюзия бойынша кітапхана қорын толықтырудың бекітілген жоспары	Жауапты: Ж. Қалибекқызы Орындаушы: Калиева Н.С.	27.02.2026 ж. дейін
III БЛОК - Халықаралық стандарттарға бағыттау				
20.	«Inclusive Staff Support Program» – ерекше білім беру қажеттілігі бар немесе инклюзивті бала тәрбиелеп отырған университет қызметкерлеріне	Бекітілген ереже	Жауапты: Касымов А.Б., Қасымова Ә.Ә. Орындаушы: Рахымбердиева А.В.	27.03.2026 ж. дейін

	арналған әлеуметтік, психологиялық және кәсіби қолдау жүйесін қалыптастыру.			
	Инклюзияны насихаттайтын әлеуметтік жобалар әзірлеу және ұйымдастыру	Бекітілген жобалар тізімдемесі	Жауапты: Касымов А.Б. Орындаушы: Оразғалиева А.Қ	02.03.2026 ж. дейін
21.	Ғылыми және гранттық жобалар әзірлеу алгоритмін бекіту	Бекітілген алгоритм жоспары мен атқарылған жұмыстар есебі	Жауапты: Ж.Қалибекқызы Орындаушы: Байқадамова Ә.М.	02.03.2026 ж. дейін
22.	Форумдар, конференциялар, дөңгелек үстелдер мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыру	Бекітілген жоспар мен атқарылған жұмыстар есебі	Жауапты: Ж.Қалибекқызы, Дарибаев Б.С. Орындаушы: Байқадамова Ә.М., Оспанова Б.Қ., Қасымова Ә.Ә.	10.03.2026 ж. дейін
23.	Инклюзивті контент (видео, инфографика, подкаст) әзірлеу және әлеуметтік желілер мен университет сайтында жариялау (атқарылуы жыл бойы)	Бекітілген жоспар мен контент тізбесі	Жауапты: Дулатбай Е.А. Орындаушы: Қонғанбаев Е.К. Кафедра меңгерушілері	27.02.2026 ж. дейін
24.	UNESCO, Erasmus+, DAAD, TIKA, KOICA және басқа халықаралық ұйымдармен серіктестік негізінде инклюзивті білім беру саласында шетелдік сарапшыларды тарту, тағылымдамалар ұйымдастыру, үздік тәжірибені енгізу және бірлескен жобаларды іске асыру жоспарын құру	Бекітілген жоспар мен атқарылған жұмыстар есебі	Жауапты: Дулатбай Е.А. Орындаушы: Масалимова Ш.С.	16.03.2026 ж. дейін

25.	Университет сайтындағы «Инклюзивті білім беру» парақшасын жүргізу. Инклюзивті білім беру бағыты бойынша әзірленген құжаттаманы сайт парақшасына орналастыру	Сайттың жаңартылған сілтемесі	Жауапты: Қабдығалиева Е.Е. Орындаушы: Қасымов А.А.	30.04.2026 ж. дейін
26.	Инклюзия бағытындағы қайырымдылық ұйымдармен серіктестік орнату (Б.Өтемұратов қоры, ВІ – Жұлдызай қоры және т.б.)	Меморандум	Жауапты: Дарибаев Б.С., Касымов А.Б.	15.05.2026 ж. дейін

4. Мониторинг және бағалау жүйесі

- Әр блок бойынша сапалық және даму индикаторлары;
- Жартыжылдық ішкі бағалау;
- Студенттердің кері байланысы (feedback loop);
- ПОҚ пен қызметкерлердің даму динамикасын талдау;
- Жыл бойы атқарылған жұмыстар бойынша жиынтық аналитикалық есеп.

5. Күтілетін нәтижелер

2026 жылдың соңына дейін:

- Инфрақұрылыммен қатар дамуға бағытталған инклюзивті жүйе қалыптасады;
- Ерекше және жасырын қажеттіліктері бар білім алушылар ерте кезеңде анықталады;
- ПОҚ инклюзияны формальды емес, кәсіби практика ретінде меңгереді;
- Дарынды және ерекше әлеуеті бар студенттердің академиялық нәтижелері артады;
- Университет инклюзивті білім беру бойынша өңірлік және ұлттық деңгейде үлгі алаңға айналады.